

**ЖИНАҚ ШОТЫН АШУҒА ЖӘНЕ «Депозит ИП плюс с пополнением» САЛЫМЫНА АҚША ОРНАЛАСТЫРУҒА ӨТІНІШ
(бұдан әрі – «Банктік салым шарты»)**

Шарт №	
Шарт күні	
Клиенттің атауы	
Клиенттің ЖСН	
Жеке басты куәландыратын құжат	
Тіркелген мекенжайы	
Нақты тұрғылықты мекенжайы	
Байланыс телефон нөмірі	

БАНКТІК САЛЫМДЫ (бұдан әрі - Салым) МЫНАДАЙ ТАЛАПТАРДА ОРНАЛАСТЫРУДЫ СҰРАЙМЫН:

1. Салым түрі	Жинақ (депозит)
2. Салым валютасы	
3. Салым сомасы	
4. Салымның ең аз сомасы	
5. Салымның ең көп сомасы	
6. Салым мерзімі	
7. Сыйақы (жылдық %):	
7.1. Номиналды сыйақы мөлшерлемесі:	
7.2. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі:	
8. Салым бойынша кепілдіктің ең көп (шектік) сомасы («Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚР Заңында белгіленген сома)¹	20 миллион теңге; 5 миллион теңге. Егер Банкте түрлері мен валютасы бойынша әртүрлі бірнеше салым/ағымдағы шоттар (бұдан әрі - шот) орналастырылған/ашылған болса, онда барлық салымдар/шоттар бойынша соманың жиынтық қалдығына кепілдік беріледі, бірақ салымның/шоттың әрбір түрі бойынша шектерді ескере отырып, кепілдікті өтеудің ең жоғары сомасынан – 20 миллион теңгеден аспайды. Маңызды: Кепілдік берілген өтем банктік шоттағы қалдық сома негізге алына отырып төленеді, бірақ Банкті лицензиядан айыру күніндегі «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚР Заңының 18-бабында белгіленген кепілдіктің ең жоғары (шекті) мөлшерінен аспайды.
9. Салымды ашу талаптары және толықтыру түрі:	Егер Банктік салым шартының 3-тармағына сәйкес Салым сомасы Банктік салым шарты ашылған күннен кейін келесі күні 21:00 (UTC+5) дейін енгізілмесе, Салым орналастырылмаған, Банктік салым шарты тоқтатылған болып саналады, Жинақ шоты жабылады. Салымның бүкіл мерзімі ішінде Салымға Жарналар енгізуге жол беріледі. Бұл ретте барлық қосымша Жарнаны ескере отырып, Салымның жалпы сомасы Банктік салым шартының 5-тармағына сәйкес салымның ең жоғары сомасынан аспауға тиіс. Әрбір Жарна үшін сыйақы: 1) Жарнаның Салымда болған нақты күндерінің саны үшін дербес есептеледі; 2) осы Банктік салым шартының 7.1-тармақшасында белгіленген сыйақының мөлшерлемесі бойынша есептеледі.
10. Салым сомасын ішінара алу талаптары	Салымның бүкіл мерзімі ішінде Салымнан ішінара ақша алуға жол берілмейді.
11. Мерзімінен бұрын бұзу талаптары	Салымды мерзімінен бұрын қайтару Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салымшының талабы келіп түскен сәттен бастап күнтізбелік отыз күннен ерте емес және Салым шартында анықталған тәртіппен жүзеге асырылады. Салымшы Салымды мерзімінен бұрын талап еткен жағдайда Шарт бұзылды деп есептеледі, салым бойынша сыйақы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген «талап етілгенге дейін» мөлшерлемесі бойынша Салымда ақшаның нақты болған күндерінің санына қарай қайта есептеледі.
12. Ағымдағы шот ²	IBAN _____
13. Жинақ шоты	IBAN _____

¹ Кепілдіктің ең жоғары (шекті) сомасы Салым валютасына сәйкес көрсетіледі

² Салымшының атына Банкте ашылған Ағымдағы шот болмаған жағдайда Салымға орналастырылатын ақша валютасында ашылады

14. Сыйақы төлеу тәртібі	Сыйақы ай сайын капиталдандырылады және осы Банктік салым шартының 12-тармағында көрсетілген ағымдағы шотқа салым мерзімінің соңында төленеді.
15. Мерзімін ұзарту шарты	Автоматты түрде ұзарту көзделмеген
16. Салым мерзімі аяқталғаннан кейін салымның негізгі сомасын қайтару тәртібі	Осы Банктік салым шартының 6-тармағында көрсетілген салымның негізгі мерзімі аяқталған кезде салымның негізгі сомасы осы Банктік салым шартының 12-тармағында көрсетілген ағымдағы шотқа аударылады

Осы Банктік салым шартына қол қою арқылы мен

I. «КМФ Банк» АҚ Бизнес-клиенттерге банктік қызмет көрсету шартына (бұдан әрі – Банктік қызмет көрсету шарты) қосыламын және мыналарды растаймын:

1.1. Мен Банктік қызмет көрсету шарты, Кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімдері және тәртібі туралы хабарлама, Банктің Тарифтері <https://kmf.kz> сілтемесі бойынша Банктің интернет-ресурсында орналастырылғанынан хабардармын, мен осы құжаттармен таныстым, олардың мәтінін түсінемін, олармен толық келісемін және оларды тиісінше орындауға міндеттенемін.

1.2. Банктік салым шарты Банктің Мобильді қосымшада сәйкесінше растауы немесе Банк атынан уәкілетті тұлғаның қол қоюы арқылы әрі қарай акцептеуі шартында Банктік қызмет көрсету шартымен бірлесе жасалған Банктік шот шарты және Банктік салым шарты болып табылатынын түсінемін.

1.3 Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен Банктік қызмет көрсету шартына, Банк Тарифтеріне өз бетінше өзгерістер енгізуге құқылы екенін білемін. Егер мен Банктік салым шартының, Банктік қызмет көрсету шартының талаптарын, Банк Тарифтерін өзгертуге келіспесем, осы Банктік салым шартын бұзу тек менің бұзу туралы жазбаша өтінішімнің негізінде жүзеге асырылатынына келісемін. Банк Банктік қызмет көрсету шартындағы, Банк Тарифтеріндегі және осы Банктік салым шартындағы өзгерістермен келіспеу туралы менің өтінішімді алмаған жағдайда, бұл менің тиісті жаңа редакцияны қабылдағанымды білдіреді.

II. Мен Банкте ашылған Ағымдағы шоттан, теңгемен және шетел валютасымен ашылған өзге банктік шоттардан көрсетілген банктік шоттарды тікелей дебеттеу арқылы мына мақсаттарда:

- осы Банктік салым шартының 12-тармағында көрсетілген банктік шоттан ақшаны есептен шығарған жағдайда оларды Жинақ шотына аудару арқылы Салымға орналастыру үшін;

- Банк Тарифтеріне сәйкес Жинақ шотына, Ағымдағы шотқа және олар бойынша жүргізілетін операцияларға банктік қызмет көрсеткені үшін Банктің қызметтеріне ақы төлеуге ақша есептен шығарылған жағдайда;

- кез келген шарттар бойынша, оның ішінде Жинақ шоты, Ағымдағы шот, өзге банктік шоттар бойынша банктік қызмет көрсету үшін және Банк көрсететін өзге қызметтер үшін Банк алдында берешек туындаған жағдайда, Банк алдындағы берешек, сондай-ақ Банкпен жасалған шарттар бойынша менің міндеттемелерімнің бұзылуына байланысты Банктің өзге шығыстары мен залалдарының сомалары мөлшерінде;

- Банктік қызмет көрсету шартында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда ақша алуға (есептен шығаруға) сөзсіз келісімді беремін.

III. Мыналарға:

- Банкке (бизнес сәйкестендіру нөмірі 061240001583) және үшінші тұлғаларға, оның ішінде Банк акционерлеріне, үлестес және Банкпен байланысты өзге де тұлғаларға, коллекторлық агенттіктерге, уәкілетті және өзге де мемлекеттік органдарға (бірақ олармен шектелмей), сонымен қатар Банк мәміле бойынша қатысушы немесе тарап болатын ұйымға (бұдан әрі – Ұйым) қазіргі уақытта және болашақта менің дербес деректерімді (Клиенттің және заңды өкілінің дербес деректерін) жинауға және өңдеуге келісімді беремін. Дербес деректер мына деректерді қамтиды: тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда); туған күні, айы, жылы және туған жері; азаматтығы; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжат деректері; биометриялық деректер; тұрғылықты жері, заңды мекенжайы (тіркелген жері), жұмыс орны туралы мәліметтер; пошталық және электрондық мекенжайы, телефон нөмірлері; фото және видео түріндегі бейнесі; білімі, мамандығы туралы мәліметтер; отбасы жағдайы және отбасы құрамы туралы мәліметтер (оның ішінде көмекшіке толмаған балалары туралы дербес деректер); мүліктік жағдайы, табысы, кредиттік тарихы және берешегі туралы мәліметтер; банк, сақтандыру, салық құпиясын құрайтын мәліметтер, дербес медициналық деректер, сонымен қатар заңмен қорғалатын құпияның өзге де түрлері; кез келген өзге де дербес деректер.

Дербес деректерді және банк құпиясын қамтитын мәліметтерді және талаптарды қоса алғанда, мен туралы мәліметтерді жинауға және өңдеуге осы келісім Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына жауап беретін дербес деректерді және банк құпиясын қамтитын мәліметтерді жинауға және өңдеуге жазбаша келісімді танытатынын түсінемін.

Осы Банктік салым шарты оны Банк акцептегеннен кейін Мобильді қосымшада «депозит ашу/депозит туралы» қойындыда жарияланады немесе қағазға басып шығарылады және оған Клиент және Банктің уәкілетті тұлғасы қол қояды.

Банк деректемелері «КМФ Банк» акционерлік қоғамы Заңды мекенжайы: 050004, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 50 БСН 061240001583, Эл.мекенжайы: info@kmf.kz Интернет-ресурс: www.kmf.kz _____ / Банктің уәкілетті қызметкерінің аты-жөні МО	Клиент деректемелері Атауы: _____ ЖСН: _____ ЖК Куәлігі/ Талон/Хабарлама Мекенжайы: _____ тел: _____ Қолы _____
---	---